

Ақмола облысы дене шынықтыру және спорт басқармасы
«Бөгенбай батыр атындағы олимпиада резервінің облыстық
мамандандырылған мектеп-интернат-колледжі» КММ



Тәрбие жұмысының әдістемесі бойынша жұмыс оқу бағдарламасы

Тәрбие жұмысының әдістемесі _____
(модуль немесе пән атауы) / (наименование модуля или дисциплины)

Мамандық: 01140500 «Дене тәрбиесі» және спорт» _____
Специальность: (коды және атауы) / (код и наименование)

Біліктілік: 4S1140503 – «Спорт жаттықтырушысы-оқытушы» _____
Квалификация: (коды және атауы) / (код и наименование)

Оқыту нысаны: күндізгі жалпы орта білім базасында _____
Форма обучения: очная на базе общего среднего образования _____

Жалпы сағат саны: 56 _____ кредит саны: _____
Общее количество часов: _____ количество кредитов

Әзірлеуші(-лер): Л.Даниярова _____
Разработчик(-и): Т.А.Ә. (болған жағдайда) _____ (қолы) / (подпись)
Ф.И.О. (при наличии)

Түсіндірме жазба

Осы үлгілік оқу бағдарламасы техникалық және кәсіптік білім беру бойынша үлгілік оқу жоспарлары мен білім беретін оқу бағдарламасына сай БЖҒМ 2016 жылғы 22 қаңтардағы №72 бұйрығының 15-20-қосымшаларына сәйкес 01140500 «Дене тәрбиесі және спорт» мамандығы бойынша әзірленген.

Пәннің мақсаты: техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдардағы тәрбиелік шараларды өткізу әдістемесін жүзеге асырудың білігі мен дағдыларын, тәрбие қызметінің технологиясы туралы студенттердің кәсіби білімдер жүйесін қалыптастыру.

Пәннің міндеттері - тәрбие қызметінің технологиясы туралы білім, білік дағдыны қалыптастыра отырып:

- педагогикалық үрдісте педагог пен оқытушы қызметінің әр түрлілігін ескеріп, тәрбиенің мақсатын анықтау, мәселеге сараптама жасау;
- педагог пен тәрбиеленушінің дамуына ықпал ететін факторларды таңдау мен анықтау, педагог қызметінің түріне сәйкес функцияларды сипаттау;
- жекелеген тәрбиелеуші мен белсенді оқушыларға педагогикалық, психологиялық диагностика жүргізу, оқу-тәрбие жұмысын жоспарлап өткізуге, оның нәтижесін бағалау;
- педагогикалық жанжалды шешу.

«Тәрбие жұмысының әдістемесі» пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру үшін оқытуды ұйымдастырудың келесі түрлері ұсынылады: дәріс, семинар, тренингтер, ойын-сабақ, байқаулар.

Оқу материалы мазмұнының ерекшелігі мен күрделілігіне байланысты келесі оқыту әдістері ұсынылған: дәстүрлі әдіс, ойын, интерактивті (әңгімелесу, пікірсайыс, миға шабуыл, дөңгелек үстел, іскерлік ойыны, практикалық жұмыстар сайысы және оны талдау, терапия), проблемалық оқыту және жоспарлау әдісі (тапсырма, тапсырма-жағдаяттар) және т.б.

Пәнді оқыту барысында ынтымақтастық, білім беруді ізгілендіру, проблемалық оқыту, ойын, модульдық, ақпаратты-коммуникациялық, ұжымдық және топтық оқыту, жобалап оқыту, деңгейлеп-саралап оқыту және басқа оқыту технологияларын қолдану ұсынылады.

Танымдық әрекеттерді ұйымдастыру нысаны ұсыныстық сипатта болады.

Бөлім мен тақырыптардың тізбесі оқытылатын тақырыптарды кеңейту және тереңдету жағына қарай өзгертілуі мүмкін.

Пәнді келесі пәндермен байланыстырып оқыту ұсынылады: педагогика, психология, этнопедагогика.

Үлгілік оқу бағдарламасы келесі пәндер бойынша білім алушылардың білімдеріне, іскерліктері мен дағдыларына негізделеді: педагогика, жеке әдістемелер.

Осы үлгілік оқу бағдарламасы «Тәрбие жұмысының әдістемесі» пәнінің базалық мазмұнына және күтілетін деңгейіне қойылатын мемлекеттік талаптарды іске асыруға арналған техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындары үшін жұмыс бағдарламаларын әзірлеуге негіз болып табылады.

Үлгілік оқу бағдарламаларын әзірлеуде техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары циклға бөлінген оқу уақытының көлемін сақтай отырып:

- кәсіптік оқу бағдарламасын меңгеруге бөлінген оқу уақытының жиынтық көлемін сақтаған кезде циклдар мен пәндер үшін оқу уақыты көлемін өзгертуге;
- бөлімдер мен тақырыптарға берілген жалпы сағат көлемін бөлуге (пәнді оқытуға берілген жалпы бюджеттік көлемдегі уақыт);
- бағдарламалық материалды бірізділікпен оқытуда дәлелденген өзгерістерді енгізуге;
- жеке тәжірибелік және зертханалық сабақтарды басқа мазмұны сәйкес сабақтармен алмастыруға.

Бөлімдер мен тақырыптардың тізімі аймақтық компоненттердің енгізілуі есебінен, жұмыс берушінің талабы және жергілікті ерекшеліктерді ескере отырып өзгертілуі мүмкін.

Пререквизиттер. Педагогика, психология, этнопедагогика.

Постреквизиттер. Педагогика, этнопедагогика.

Қажетті оқу құралдары мен жабдықтары

Әдебиеттер және оқу құралдары

Негізгі:

1. Абай. Таңдалған шығармалар. Қара сөздер
2. Әбенбаев С. Тәрбие теориясы мен әдістемесі. – Алматы: Дарын, 2004.
3. Әбиев Ж., Бабаев С., Құдиярова А. Педагогика. – Алматы, 2004.
4. Губашева С.Г., Отарбай А.Ж. Тәрбие жұмысының әдістемесі. – Астана: Фолиант, 2007.
5. Ескалиева С. Тәрбие жұмысының теориясы және ұйымдастыру әдістемесі. Оқулық. – Астана: Фолиант, 2014.
6. Қожахметова К.Ж. Сынып жетекшісі. – Алматы, 2010.
7. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. – Алматы, 2000.
8. Құрманалина Ш.Х., Мұқанова Б.Ж., Ғалымова А.У., Ильясова Р.К. Тәрбие жұмысының әдістемесі. – Астана: Фолиант, 2007.
9. Атемова Қ.Т. Мектеп пен отбасының бірлескен жұмысының бүгінгі күнгі ерекшеліктері. . – Алматы, 1998.
10. Меңжанова А. Тәлім-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру. . – Алматы, 2003.

Қосымша:

1. Асыллов Ұ.Ә. Әдептану. – Алматы, 2000.
2. Тұрғынбаева Б.А. Дамыта оқыту технологиялары. – Алматы, 2000.
3. Табылдиев А. Педагогика тағылымы. – Алматы, 2004.
4. Табылдиев А. Тәрбие өрнектері. – Алматы, 1983.
5. Балаларға эстетикалық тәрбие берудегі халық дәстүрі. – Алматы, 2000.

Оқу құралдары:

1. Интерактивті тақта;
2. Мультимедиялық проектор;
3. Дербес компьютер, ноутбук, смартфон;
4. Бейнефильмдер, аудиожазбалар, презентациялар;
5. Сандық білім беру ресурстары:
6. «Duolingo» сайт
7. «Memrise» портал
8. «Udemy» сайт
9. «edX» сайт
- 10.«Coursera» сайт

Оқыту нәтижелері

біледі:

- кәсіптік-педагогикалық қарым-қатынасты;
- тәрбие үрдісінің әлеуметтік маңыздылығын, мәнін, мақсат-міндеттерін;
- тәрбие үрдісін басқаруды;

меңгереді:

- тәрбие жұмысының жоспарын құруды;
- сыныптан тыс тәрбие жұмысын жоспарлап өткізуді;

дағдысын қалыптастырады:

- тәрбие жұмысының жоспарын құрудан;
- ұжымда жеке тұлғаны зерттеуден;

құзыретті:

- тәрбие әдістері мен тәсілдерін тәрбие жұмысында қолдануға.

Семестр бойынша сағаттарды бөлу

Пән /модульдің коды және атауы	Модульдегі барлық сағат саны	Соның ішінде								
		1 курс		2 курс		3 курс		4 курс		
		1 семестр	2 семестр	3 семестр	4 семестр	5 семестр	6 семестр	7 семестр	8 семестр	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	
Тәрбие жұмысының әдістемесі	56	56	-	-	-	-	-	-	-	-
Барлығы:	56	56								

		Барлық сағат	Теория	Практика	
		56	34	22	
1 семестр					
1 бөлім. Тәрбие жұмысының негізгі бағыттары		14	10	4	
1.1	Мектептегі тәрбие жұмысының мақсат-міндеттері	2	2		
1.2	Тәрбие үрдісі, оның ерекшеліктері	2		2	
1.3	Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері	2		2	
1.4	Тәрбие жұмысының бағыттары	2	2		
1.5	Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесінің зерттеу әдістері	2	2		
1.6	Тәрбие жұмысының технологиясы	2	2		
1.7	Бақылау жұмысы	2	2		
2 бөлім. Тәрбие әдістері, формалары, сынып жетекшісінің іс-әрекеті		14	8	6	
2.1	Тәрбие әдістері	2	2		
2.2	Тәрбие үрдісін ұйымдастырудың формалары	2		2	
2.3	Ұжым. Ұжым даму жолдары. Көшбасшылық қасиетті қалыптастыру	2		2	
2.4	Сынып жетекшісі сыныптағы тәрбие жұмысын ұйымдастырушы	2		2	

2.5	Сынып жетекшісі, оның міндеттері мен жұмысының ерекшеліктері	2	2		
2.6	Сынып жетекшісінің оқушылардың тәртібі мен оқу үлгеріміне қатысты атқаратын жұмысы	2	2		
2.7	Бақылау жұмысы	2	2		
3 бөлім. Тәрбие жұмысы жүйесіндегі сендіру әдісі		4	2	2	
3.1	Сендіру әдісінің тәрбие жүйесіндегі алатын орны	2	1	1	
3.2	Сендіру формалары мен әдістері	2	1	1	
4 бөлім. Оқушылардың ұжымдық шығармашылық іс-әрекетін ұйымдастыру әдістері		8	6	2	
4.1	Оқушылардың ұжымдық шығармашылық іс-әрекетін ұйымдастыру әдістері	2	2		
4.2	Республикалық бірінші «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының ерекшеліктері	2	2		
4.3	Сыныптан тыс тәрбие жұмысын ұйымдастыру жолдары	2		2	
4.4	Сыныптан тыс тәрбие жұмысы: мақсаты, міндеттері, мазмұны, қызметі	2	2		
5 бөлім. Сынып сағаттарын жоспарлау және өткізу		4	-	4	
5.1	Сынып сағатын ұйымдастыру жолдары және оған қойылатын талаптар	2		2	
5.2	Сынып сағатын ұйымдастыруда жаңа педагогикалық технологияларды қолдану жолдары	2		2	
6 бөлім. Отбасымен жүргізілетін жұмыс түрлері		6	4	2	
6.1	Отбасының бала тәрбиесіндегі ролі	2	2		
6.2	Отбасымен жүргізілетін жұмыс түрлері	2		2	
6.3	Ата-аналармен жүргізілетін жұмыстағы	2	2		

	сынып жетекшісінің негізгі міндеттері мен қызметі				
7 бөлім. Білім алушыларға ұлттық тәрбие берудегі халықтық педагогика		6	4	2	
7.1	Оқушыларды тәрбиелеудегі халықтық тәрбиенің мәні	2	2		
7.2	Халықтың ауызекі поэтикалық шығармашылығы	2		2	
7.3	Бақылау жұмысы	2	2		
Барлығы		56	34	22	

Пәннің оқу бағдарламасының мазмұны
1 бөлім. Тәрбие жұмысының негізгі бағыттары
1.1 тақырып. Мектептегі тәрбие жұмысының мақсат-міндеттері

Тәрбие туралы түсінік. Тәрбиенің негізгі мақсаты жан-жақты жеке тұлғаны дамыту. Мектептегі тәрбие жұмысының міндеттері.

1.2 тақырып. Тәрбие үрдісі, оның ерекшеліктері

Практикалық сабақ. Мектепте жүргізілетін тәрбие үрдісі педагогтар мен оқушылардың оқу, оқу-тәрбие іс-әрекетіне енетін педагогикалық үрдістің негізгі бөлімі. Тәрбие үрдісіндегі құжаттар. Оқу-тәрбие үрдісіндегі ұжым жұмысын ұйымдастыру.

1.3 тақырып. Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері

Практикалық сабақ. Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері. Тәрбиенің мақсат-міндеттері. Қазіргі мектептің тәрбие жұмысының мазмұны. Тәрбие жұмысын ұйымдастыру әдістемесін анықтау және таңдау.

1.4 тақырып. Тәрбие жұмысының бағыттары

Ақыл-ой, дене, құқықтық, патриоттық, экологиялық, экономикалық, адамгершілік, еңбек, эстетикалық тәрбиенің бағыттары.

П.ғ.д., ҚПҒА, ХАА академигі Ш.Х. Құрманалинаның «Жеке тұлғаны қалыптастыру» авторлық моделі: «Отбасы», «Ұжым», «Қоғам», «Әлем», «Мен және жеке тұлға» бағыттары.

1.5 тақырып. Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесінің зерттеу әдістері

Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесінде педагогикалық зерттеу әдістері қарастырылады.

1.6 тақырып. Тәрбие жұмысының технологиясы

Тәрбие технологиясы әлеуметтік технология ретінде және оның өндірістік технологиядан айырмашылығы.

1.7 тақырып. Бақылау жұмысы

Тәрбие жұмысының негізгі бағыттары.

2 бөлім. Тәрбие әдістері, формалары, сынып жетекшісінің іс-әрекеті

2.1 тақырып. Тәрбие әдістері

Тәрбие үрдісінің әдістері мен ерекшеліктері. Мектептегі тәрбие жұмысының мәні. тәрбиенің әдістерімен тәсілдерінің, құралдары туралы түсінік, оларға қойылатын талаптар.

2.2 тақырып. Тәрбие үрдісін ұйымдастырудың формалары

Практикалық сабақ: Тәрбие жұмысын ұйымдастыру формасының үрдісі. Тәрбие жұмысының формалары: жеке, ұжымдық, топтық.

2.3 тақырып. Ұжым. Ұжым даму жолдары. Көшбасшылық қасиетті қалыптастыру

Практикалық сабақ: Оқушылардың ұжымы туралы түсінік. Ұжымның белгілері. Ұжымды қалыптастырудың негізгі әдістері: педагогикалық талап, өзіне қызмет жасау, жарыс, өзін-өзі басқару. Көшбасшылық туралы түсінік. Көшбасшылық қасиетті қалыптастырудағы жаттығулар мен ойындар.

2.4 тақырып. Сынып жетекшісі сыныптағы тәрбие жұмысын ұйымдастырушы

Практикалық сабақ: Сынып жетекшісінің міндеттері. Сынып жетекшісінің қызметі. Сынып жетекшісінің жұмысының бағыттары. Тәрбие жұмысын жоспарлау.

2.5 тақырып. Сынып жетекшісі, оның міндеттері мен жұмысының ерекшеліктері

Сынып жетекшісі, оның тәрбие жұмысын ұйымдастыру қызметі. Сынып жетекшісі институтының қалыптасу кезеңдері.

2.6 тақырып. Сынып жетекшісінің оқушылардың тәртібі мен оқу үлгеріміне қатысты атқаратын жұмысы

Сынып жетекшісінің маңызды міндеттерінің бірі-ол оқушылардың оқуға, біліс алуға қатысты оқу-танымдық қызығушылықтарын үнемі арттыру, соған сәйкес олардың жауапкершілігін, ақыл-ой мәдениетін қалыптастыру.

2.7 тақырып. Бақылау жұмысы

Тәрбие әдістері, формалары, сынып жетекшісінің іс-әрекеті.

3 бөлім. Тәрбие жұмысы жүйесіндегі сендіру әдісі

3.1 тақырып. Сендіру әдісінің тәрбие жүйесіндегі алатын орны

Сендіру әдісі туралы ұғым. Тәрбие үрдісіндегі сендіру әдісінің ролі.

Практикалық сабақ: Сендіру әдісін қолдану арқылы ауызша журнал, қабырға газетін шығару.

3.2 тақырып. Сендіру формалары мен әдістері

Сендіру әдістері, формалары туралы түсінік.

Практикалық сабақ: Сендіру әдісін жүргізудің жолдары: дебат, пікірталас, қабырға газеті, этикалық әңгіме.

4 бөлім. Оқушылардың ұжымдық шығармашылық іс-әрекетін ұйымдастыру әдістері

4.1 тақырып. Оқушылардың ұжымдық шығармашылық іс-әрекетін ұйымдастыру әдістері

Оқушылардың ұжымдық шығармашылық іс-әрекетін ұйымдастыру әдістері туралы түсінік. Шығармашылық іс-әрекеттің ұйымдастыру ерекшеліктері. Ұжымдық шығармашылық іс-әрекетін ұйымдастыру әдістемесі. Ұжымдық шығармашылық іс-әрекетті ұйымдастыру алгоритмі.

4.2 тақырып. Республикалық бірінғай «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының ерекшеліктері

«Жас Ұлан» ұйымының мақсат-міндеттері, ережелері, қызметі. «Жас Ұлан» ұйымы мүшелерінің құқықтары мен міндеттері ерекше белгілері.

4.3 тақырып. Сыныптан тыс тәрбие жұмысын ұйымдастыру жолдары

Тәрбие сағаты туралы ұғым. Тәрбие сағатын ұйымдастыру жолдары және оған қойылатын талаптар.

Практикалық сабақ: Тәрбие сағатының жоспарын құру.

4.4 тақырып. Сыныптан тыс тәрбие жұмысы: мақсаты, міндеттері, мазмұны, қызметі

Сыныптан тыс тәрбие жұмысы-сынып жетекшісінің және пән мұғалімдерінің жетекшілігімен сабақтан тыс мезгілде оқушылармен өткізілетін тәрбие жұмысының түрі.

5 бөлім. Сынып сағаттарын жоспарлау және өткізу

5.1 тақырып. Сынып сағатын ұйымдастыру жолдары және оған қойылатын талаптар

Сыныптан тыс жұмыстарға қойылатын талаптар. Сынып сағатына қойылатын талаптар.

Практикалық сабақ: Сынып сағатының жоспарын құру. Сынып сағатын ұйымдастыру, өткізу.

5.2 тақырып. Сынып сағатын ұйымдастыруда жаңа педагогикалық технологияларды қолдану жолдары

Практикалық сабақ: Сынып сағатын ұйымдастыруда жаңа педагогикалық технологияларды пайдалану. Жаңа бағыттағы тәрбиелік шараларды құрастыру және өткізу. Оқу мен жазу арқылы сыни тұрғыда ойлауды дамыту технологиясы, дамыта оқыту технологиясын, ұжымдық оқыту және компьютерлік оқыту технологияларын пайдалану, жоспарлау.

6 бөлім. Отбасымен жүргізілетін жұмыс түрлері

6.1 тақырып. Отбасының бала тәрбиесіндегі ролі

Отбасында баланың мінез-құлқы, әдет дағдысының қалыптасуы. Сынып жетекшісінің отбасымен, ата-анамен бірлесіп жұмыс жүргізуінің маңызы.

6.2 тақырып. Отбасымен жүргізілетін жұмыс түрлері

Отбасы тәрбиесінің мазмұны. Класс жетекшісі мен ата-ананың қарым-қатынасы. Отбасымен жүргізілетін жұмыстың түрлері: топтық, ұжымдық, көпшілік. Педагог пен отбасы қарым-қатынасының формалары.

Практикалық сабақ: Ата-аналар жиналысының жоспарын құру.

6.3 тақырып. Ата-аналармен жүргізілетін жұмыстағы сынып жетекшісінің негізгі міндеттері мен қызметі

Ата-аналармен тұрақты байланыс орнату. Ондағы мақсат: отбасыны, оның мүшелерінің өзара қарым-қатынасы мәдениет деңгейін, отбасының жеке басқа ықпалын, ата-ананың педагогикалық білім дәрежесінің жай-күйін анықтап, кеңес беріп, оларды бала тәрбиесіне ортақтастыру.

7 бөлім. Білім алушыларға ұлттық тәрбие берудегі халықтық педагогика

7.1 тақырып. Оқушыларды тәрбиелеудегі халықтық тәрбиенің мәні

Тәрбие үрдісіндегі салт-дәстүрдің тәрбиелік мәні. Мақал-мәтелдер, жұмбақ, жаңылтпаштар, ертегілердің бала тәрбиесіндегі ролі.

7.2 тақырып. Халықтың ауызекі поэтикалық шығармашылығы

Бала тәрбиесіндегі ұлттық ойынның тәрбиелік мәні. «Соқыр теке» ойыны.

Практикалық сабақ: «Атамекен» ұлттық ғылыми-тәлімдік, рухани бағдарламасын оқу-тәрбие жұмыстарында жүзеге асырудың маңызы.

7.3 тақырып. Бакылау жұмысы

Білім алушыларға ұлттық тәрбие берудегі халықтық педагогика.